

13. Транспланттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу

"Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-308/2020 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21859 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 21 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-308/2020 бұйрыққа
қосымша

Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 212-бабының [2-тармағына](#) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 10-бабының [1\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді және транспланттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Трансплантаттау мақсатында қайтыс болғаннан кейін ағзаларын (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндерін (тін бөлігінің) алудан бас тарту немесе келісімі туралы адамның ерік білдіруін тіркеу медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға (бұдан әрі – МСАК) тікелей жүгіну кезінде немесе "электрондық үкімет" веб - порталында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісу құқығын жүзеге асыруға ерікті түрде ниет білдірген кәмелетке толған және іс - әрекетке қабілетті адамдардың деректер базасы – тіркелімінде жүргізілуі мүмкін.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына құқық білдірген азаматтардың тіркелімі (бұдан әрі – Тіркелім) – "Бекітілген халық тіркелімі" (бұдан әрі – БХТ) мемлекеттік ақпараттық жүйесіндегі модуль түрінде құрылған, трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім беру құқығын жүзеге асыруға ерікті түрде ниет білдірген, кәмелетке толған және іс - әрекетке қабілетті адамдардың деректер базасы;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) қайтыс болғаннан кейінгі донор – он сегіз жастағы және одан үлкен, миының біржола семуі расталған, ағзалары (ағзасының бөлігі) және (немесе) тіні (тінің бөлігі) реципиентке трансплантаттау үшін пайдаланылуы мүмкін адам;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

5) мидың біржола семуі – ағзалардың функцияларын қолдау жөніндегі шаралар жүргізілуі мүмкін, мидың бүкіл заттарының семуімен қатар жүретін, ми қызметінің толықтай жоғалуы;

6) өтініш беруші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) – трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім беру құқығын жүзеге асыруға ерікті түрде ниет білдірген, кәмелетке толған және іс-әрекетке қабілетті адам;

7) өңірлік трансплантаттауды үйлестіруші – Үйлестіру орталығының штаттағы қызметкері болып табылатын, облыс орталықтарындағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттау саласындағы медициналық ұйымдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін дәрігер;

8) республикалық трансплантаттауды үйлестіруші (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) – Трансплантаттау жөніндегі үйлестіру орталығының штаттағы қызметкері болып табылатын, өңірлік трансплантаттауды үйлестірушілердің жұмысын үйлестіруді және трансплантаттау қызметінің мәселелері жөніндегі медициналық ұйымдардың ведомствоаралық тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін дәрігер;

9) Трансплантаттау жөніндегі үйлестіру орталығы – ағзаларды (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндерді (тін бөлігінің) трансплантаттауды үйлестіру және сүйемелдеу мәселелерімен айналысатын, ол туралы ережені уәкілетті орган бекітетін денсаулық сақтау ұйымы;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

11) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі.

Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар пайдаланатын және оларға ұсынылатын цифрлық құжаттар сервисіндегі құжаттардың қағаз жеткізгіштегі құжаттармен мәні бірдей.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау Кодекске және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 23 және 29 - бабтарына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету тәртібі

5. "Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) МСАК немесе "электрондық үкімет" веб - порталында (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы тіркелу орны бойынша көрсетілетін қызметті беруші жүгінеді және осы Қағидаларға 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тартуды немесе келісім алуды тіркеу үшін өтініш толтырады.

6. Процестің сипаттамаларын, көрсету нысанын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай - ақ, мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері есепке алынған басқа мәліметтер "Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді қабылдау, Тіркелімде өтініштерді тіркеу және тіркеу туралы анықтамалар беру үшін жауапты тұлғаны бірінші басшының бұйрығы арқылы бекітеді.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық пакетін ұсынған, оны БХТ - ға тіркелгенін растаған және дербес деректері сәйкес келген жағдайында МСАК жауапты адамы тіркелімге мынадай деректерді:

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН);

2) өтініштің электрондық көшірмесін (сканерден өткізілген құжат) енгізеді.

9. Тіркелімде көрсетілетін қызметті алушының мынандай өтініштері тіркеледі:

1) трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту туралы;

2) трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде келісім туралы.

10. Мәліметтерді Тіркелімге енгізгеннен кейін МСАК жауапты адамы бір жұмыс күні ішінде мөрмен бекітілген, осы Қағидаларға [1](#), [2-қосымшаларға](#) сәйкес нысан бойынша МСАК басшысының қолы қойылған, трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тартуын немесе келісім беруін тіркеу туралы тиісті анықтаманы береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті алушы тізімге сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбаған және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда МСАК ұйымының жауапты адамы өтінішті қабылдаудан бас тартады.

12. Өтініш электрондық түрде берілген кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық форматта алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ – мен қол қойылған порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтінішті қалыптастырады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

14. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган осы Қағидаларға өзгерістер енгізілген және (немесе) толықтырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды жаңартып, ақпаратты МСАК, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жолдайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Денсаулық сақтау ұйымдарына және мамандарына ақпараттық қызметтер көрсететін республикалық мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі – ақпараттық қызмет жөніндегі ұйым) транспланттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына азаматтардың тірі кезінде ерік білдіруін тіркеу және есепке алу үшін:

1) уәкілетті адамдарына ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына құқық білдірген азаматтар туралы мәліметтерді қарау құқығымен Тіркелімге уәкілетті орган Кодекстің 210 – бабының 4 – тармағына сәйкес тәртібімен рұқсат береді;

2) ақпараттық қызмет жөніндегі ұйымның филиалдары "Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына құқық білдірген азаматтар тіркелімінің әкімшісі" ретінде МСАК жауапты қызметкерлеріне тіркелімге рұқсат береді.

16. МСАК өтініш берушінің қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа тірі кезінде ерік білдіруін тіркеу және өтінішті тіркеу туралы анықтама беру мақсатында ақпараттық қызмет жөніндегі ұйымның филиалдарына оларға Тіркелімге рұқсат беру үшін тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелерімен бірге өзінің жауапты қызметкерлерінің тізімдерін ұсынады.

17. Трансплантаттау жөніндегі үйлестіру орталығы ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі ұйымға қайтыс болғаннан кейінгі донордың тірі кезінде ерік білдіруінің мәліметтерін қарау мақсатында Тіркелімге қол жеткізуді ұсыну үшін тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесімен бірге уәкілетті тұлғалардың тізімін ұсынады.

18. Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде келісімі болған жағдайында, өңірлік трансплантаттаушы үйлестіруші ол жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін алты сағат ішінде хабардар етеді және танысуға бұл туралы Тіркелімнен көшірмесін ұсынады, танысудан бас тартқан жағдайда сол туралы акт жасайды.

19. Жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар еткен соң, олар қайтыс болған адамның мәйітінен ағзаларды алуға келіспеуі немесе келісуі туралы осы Қағидаларға 4 - қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда мәлімдеме береді.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіру тәртібі

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағым тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағым тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

ағзалардың (ағза бөлігінің) және
(немесе) тіндердің (тін бөлігінің)
қайтыс болғаннан кейінгі
донорлығына адамның тірі
кезінде ерік білдіруін беру және
бұл жөнінде жұбайын (зайыбын)
немесе жақын туыстарының
бірін хабардар ету Қағидаларға
1-қосымша
Нысан

Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тартуды тіркеуге арналған өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мен, _____

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Туған күні ____ " ____ " _____

ЖСН _____

(жеке басын куәландыратын құжаттың №, кіммен және қашан берілген)

Мен трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе)

тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезімде бас

тартамын.



Дербес деректерімді енгізуге, жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім беремін.

_____ / _____ /

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) қолы

20 _____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Қол қойылған күні

Нысан

Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезіндегі бас тартуды тіркеу туралы анықтама

Құрметті

Сіздің трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезіндегі бас тарту туралы өтінішіңіз тіркелді.

Тіркелген күні: 20 _____ жылғы " ____ " _____.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

_____ қолы / _____ /

Медициналық-санитариялық

алғашқы көмек ұйымның мөрі

ағзалардың (ағза бөлігінің) және
(немесе) тіндердің (тін бөлігінің)
қайтыс болғаннан кейінгі
донорлығына адамның тірі
кезінде ерік білдіруін беру және
бұл жөнінде жұбайын (зайыбын)
немесе жақын туыстарының
бірін хабардар ету Қағидаларға
2-қосымша
Нысан

Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе)
тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына келісімді
тіркеуге арналған өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мен, _____

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Туған күні _____ " _____ " _____

ЖСН _____

(жеке басын куәландыратын құжаттың №, кіммен және қашан берілген)

Төмендегі мүмкін нұсқалардың біреуін таңдаңыз:



1. Менің қайтыс болғандығым туралы факті белгіленген жағдайда кез келген ішкі ағзаларым және тіндерім трансплантаттау үшін алынуы мүмкін екенін растаймын (керегін белгілеу).

2. Төмендегілерден басқа, барлық ағзаларымды алуға болады (керегін белгілеу):



жүрек _____



бауыр _____



бүйрек _____



ұйқы безі _____



өкпе _____



көз алмалары _____



тіндер (тері, бұлшық еттер, шеміршек, сүйек тіні, қан тамыры)

Менің дербес деректерімді енгізуге, жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім беремін.

_____ / _____ /

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы ,

20 ____ жылғы " ____ " _____

Қол қойылған күні

Нысан

Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезіндегі келісімді тіркеу туралы анықтама

Құрметті _____

Сіздің трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің

(тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезіндегі келісім туралы

өтінішіңіз тіркелді.

Тіркелген күні: 20_____ жылғы "___" _____.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

_____ қолы / _____ /

Медициналық-санитариялық

алғашқы көмек ұйымның мөрі

Ағзалардың (ағза бөлігінің)
және (немесе) тіндердің
(тін бөлігінің) қайтыс болғаннан
кейінгі донорлығына адамның
тірі кезінде ерік білдіруін
беру және бұл жөнінде жұбайын
(зайыбын) немесе жақын
туыстарының бірін хабардар
ету қағидаларға
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**"Трансплантаттау мақсатында ағзалардың
(ағза бөлігінің) және (немесе)
тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс
болғаннан кейінгі донорлығынан тірі
кезінде бас тарту немесе келісім алуды
тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін**

қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Медициналық - санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымы.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) Мемлекеттік қызметті медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар; 2) "электрондық үкімет" веб - порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы көрсету мерзімі 1 (бір) жұмыс күні ішінде; 2) портал арқылы-құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минуттан аспайды; Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 30 (отыз) минут Көрсетілетін қызметті беруші арқылы көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 1 (бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) /қағаз түрінде.

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>Осы мемлекеттік көрсетілетін қызметке 1- қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тартуды тіркеу туралы анықтама;</p> <p>Осы мемлекеттік қызметке 2- қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде келісімді тіркеу туралы анықтама.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында үзіліссіз сағат 8.00 - ден 20.00 - ге дейін, сенбі күні сағат 9.00 - ден 14.00 - ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз</p>

		кезек күту тәртібімен көрсетіледі. 2) портал арқылы - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті берушіге: 1) көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде жеке басын куәландыратын құжат не жеке басын сәйкестендіру үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат; 2) осы Қағидаларға 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтініш. Порталға: 1) электрондық сұрау салу нысанындағы өтініш.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді	1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда көрсетілген деректердің (мәліметтің) дәйексіздігінің анықталуы; 2) нақты медициналық - санитариялық алғашқы көмек ұйымына бекітілмеуі.
10	Оның ішінде, электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету	Көрсетілетін қызметті алушының порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы

	<p>ерекшеліктері есепке алынған өзге де талаптар</p>	<p>электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінде, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс - орталығында мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Жүктеу</p>
--	--	---

ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету Қағидаларға
4-қосымша

Нысан

Трансплантаттау мақсатында ағзаларды (ағза бөлігін) және (немесе) тіндерді (тін бөлігін) алуға келісім/бас тарту туралы қолхат

Мен, _____

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

ЖСН _____

(жеке басын куәландыратын құжаттың №, кіммен және қашан берілген)

Мен қайтыс болған туысым

(туыстық дәрежесін, қайтыс болған адамның тегін, атын, әкесінің атын көрсету)

ағзаларын трансплантаттау мақсатында алуға келісім беремін/бас тартамын

(астын сызу).

_____ / _____ /

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

қолы

20 _____ жылғы " ____ " _____

Қол қойылған күні